

Қарақия ауданы бойынша 2023 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 1/7 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 сәуірде № 4545-12 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07 желтоқсандағы 2023 жылғы № 8/81 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 07.12.2023 № 8/81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы №787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 1 (бір) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының төрағасы

Ж. Қалаубай